

**Таңатаров Д.Ж. \***

магистрант, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, Қызылорда, Қазақстан  
**1941-1945 ЖЫЛДАРДЫҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

Автор корреспондент: [kgek\\_2012@mail.ru](mailto:kgek_2012@mail.ru)

**Түйін:** Мақалада 1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қызылорда облысы халқының әлеуметтік жағдайы, экономикалық ахуалы, тыл еңбеккерлерінің ерен еңбегі, кәсіпорындардың жұмыс жөнінде мәліметтер берілген. Қызылорда облысы экономикасының негізгі саласы — ауыл шаруашылығы. Оның ішінде ел ырысы атанған Сыр күрішінің үлес салмағы басым. Жалпы күріш егістігі 70 мың гектардың үстінде болғандығы, ал, соңғы кезде оның көлемі қысқарып, суды аз қажет ететін бидай, жүгері, картоп пен көкөніс жеміс-жидек, асқатықтық май өндіретін және мал азығы дақылдарын егу кеңінен қолға алынғандығы аталып өтті. Сонымен қатар, Қызылорда қаласының іргесінің қаланғанына 200 жылға жуықтаған кезеңде де оның заман өзгерістеріне толы тарихи оқиғалары, ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейін Арал өңірін, Сырдария жағасын мекендеген халықтардың археологиясы, этнографиясы, әлеуметтік-мәдени өмірі зерттеушілердің назарында болып келеді.

**Кілт сөздер:** Қызылорда, экономика, әлеуметтік жағдай, егіншілік, шыны өнеркәсібі, күріш

Облыс экономикасының негізгі саласы — ауыл шаруашылығы. Оның ішінде ел ырысы атанған Сыр күрішінің үлес салмағы басым. Жалпы күріш егістігі 70 мың гектардың үстінде. Ал, соңғы кезде оның көлемі қысқарып, суды аз қажет ететін бидай, жүгері, картоп пен көкөніс жеміс-жидек, асқатықтық май өндіретін және мал азығындық дақылдар егу кеңінен қолға алынуда. Келешекте бұл өңірде өз жағдайында анағұрлым тиімді де пайдалы саналатын егіншілік салаларын тұрақты бағыт ұсталмақшы. Елді мекендерде диірме наубайхана мен өсімдік майын, шұжық, кәмпит, шарап шығаратын, тері илеп, тон тігетін, тұрмыстық бұйымдар өндіретін цехтардың, шағын ұқсатушы кәсіпорындардың қатары артып келеді. Ұлттық қолөнерді күшті қарқынмен жандандыруға жаппай бетбұрыс жасалды. Жеке қожалықтар мен еңбек ұжымдары азық-түлік өндіру және нарықтық қатынастарды игеруге кірісті. Сөйтіп, өзін-өзі қамтамасыз ету бүкілхалықтық іске айналып отыр.

Сырдың жері қашаннан-ақ малды өңір. Қызылқұм мен Қарақұмның қойнауында, Сарысу мен Бетпақдала жазығында, Қаратаудың құнарлы баурайында төрт түлік мал мен бағалы аң-құстың бәрі өседі. Оның ішінде қаракөл қойын көптеп өсіру өндірістік негізге қойылған. Еркін дамуына жағдай туғызып, тиісті қамқорлық көрсету жеке азаматтардың қарауындағы мал басының жедел артуына оң ықпалын тигізуде. Алайда, өмірлік ақиқат сол негізінен аграрлы сипатта болып, өнеркәсібінің өз дәрежесінде өркендемеуі Қызылорда облысы экономикасының артта қалуының басты себебіне айналып отыр. Бұл тұйықтан шығу үшін облыс әкімшілігі өңірді қуатты индустриялы-аграрлы аймаққа айналдыру міндетін қолға алды. Ол үшін мұнда қолайлы потенциалды мүмкіндік те, жер байлығы да, оілікті кадрлар да жеткілікті. Мысалы, қазірдің өзінде облыс республикада өндірілетін күріштің 70, ас тұзының 60 процентін қатырма қағаз өнімдерінің жартысына жуығын шығарады. Жеңіл өнеркәсіп тәп-тәуір қанат жайған.

Мұнай-газ және қорғасын-мырыш кеніштері игерілуде. Қызылорда облысының жер қойнауы зәру табиғи қазба байлықтарға тұнып тұр. Мұнай шикізатының 300-350 млн. тонна, газдың 80-100 млрд. текше метр мөлшердегі қорына барлау жасалды. Жаңа кен көздерін ашудың жақсы болашағының бар екендігі анықталып, қошқыл көмір мен жанғыш тақта тас орындары табылып отыр. Темір тастың, фосфориттің, молибден-ваннадий және циркон-титан кендерінің, шыны өнеркәсібі үшін жоғары сапалы кварц құмының, әр алуан құры-ль с материалдарының қоры жеткілікті. Жеріміз алтын мен күміске де кенде емес деген болжам бар. Мол байлықты ел игілігіне айналдыру

мақсатында қазірдің өзінде өнеркәсіптің мүлде жаңа мұнай-газ, тау-кен электроника сулары құрылып, дамытылуда. Аталған бағытта, әсіресе, жақын арада дербес шаңырақ көтерген «Оңтүстік мұнай-газ» бірлестігі пәрменді жұмыс атқаруда. Оған шетел қаржысы тартылып, Канада және Германия фирмаларының қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құрылды. Түсті металл өндіретін Шалқия кеніші және № 6 кен басқармасының келешегінен үміт мол. Облыстың болашағы осы кешендердің қызметімен тығыз сабақтас.

Облыс әкімшілігі мен республика Көлік министрлігінің арасындағы келісім-шарт теміржолдың қызметінде ауқымды да сапалы бетбұрысқа жол ашты. Кәсіпорындарды қайтадан кәсіби бағдарлау арқылы мұнда бүкіл Қазақстанның теміржол көлігінің индустриялық базасы жасалуда. Өмірдің барлық саласын қамтыған жекешелендіру процесі — нарықтық қатынастарды игеруге, сауданың үрдіс өркендеуіне жол ашады. Адамдардың денінің сау болуы салауатты тұрмыс кешуі үшін ең бірінші кезекте медициналық мекемелер мен спорт кешендерінің қатарын көбейтіп, жұмысын сапалы жолға қоюға жанашырлықпен көңіл бөлінеді. Әсіресе, бұл осы экологиялық апат аймағындағы облыс үшін өте-мөте маңызды да көкейкесті жайт. Облыста өмірлік дамудың барлық саласын қамтитын, жан-жақты тұжырымдалып жасалған нақтылы бағдарламалар жүзеге асырылуда.

*Республиканың экономикасы әскери бағытқа көшірілді: бейбіт мақсаттарға жұмсалатын қаржы мейлінше ысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады, жұмысшы күші, шикізат, станок жабдықтары сондай кәсіпорындардың пайдасына қайта бөлінді.*

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңестік ғылым орасан зор рөл атқарды. «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы жеңіс үшін!» деген белгілі ұран ғалымдардың, ғылыми-зерттеу орталықтарының, институттарының, ғылыми лабораториялардың, тағы да басқа мекемелердің алдына қойған басты мақсаты болды.

Соғыс басталсымен кеңес ғалымдары арнайы мәлімделерінде өздерінің барлық білімдерін және күштерін Отанды қорғауға арналатынын жариялады. Кеңес ғалымдарының осы кезеңдегі пікірін білдірген КСРО Ғылым академиясының президенті В.Комаров: «Фашизмды талқандауға қатысу— ғылым алдында тұрған ең маңызды және ұлы мақсат, сондықтан оны орындауға кеңес ғалымдарының саналы өмірі мен білімі толық арналады»,— деп ашық көрсетті.

Адам баласы тарихында сан миллиондаған адамдардың өмірін жалмаған екінші дүние жүзілік соғысқа пара - пар келетін апат болған емес. Біздің ресми хабарларымызда айтылатын 20 миллионнан астам адамнан айрылғандығымыздың өзі әлі де болса толық емес. Шын мәніндегі шығынның әлдеқайда көптігін тарих дәлелдейтіндігіне күмән келтіруге болмайды. Ұлы Отан соғысы жылдары майданда оқ - дәрі, қару - жарақ, техника және азық - түлікпен қамтамасыз ету салмағы Қазақстанға түсті. Сондықтан халқымыздың соғыс жылдарындағы қаһармандық бейнесі ешқашан ұмытылмайды. Халқымыздың шаруашылығына тұз өнімінің қажеттілігі, оны зерттеу Кеңестік дәуірде емес, сонау Патшалық Ресей кезінде басталған болатын. 1847 жылы Патшаның жарлығымен Арал және Каспий маңындағы тұз қорын зерттеу барысында бұл өңір туралы екі тұжырым жасалған, бірі - Арал мен Каспий теңізі аралығындағы жер асты байланыс туралы болжам, екіншісі Арал теңізі тереңдігінің әр кезеңде өзгеріп тұратындығы туралы қорытынды. Мысалы, 1847-1925 жылдар аралығында Арал теңізінің тереңдігі 1 м 70 см төмендеген, ал 1897-1925 жылдар аралығында 0,96 см кеміген. 30 - жылдарға дейін халық шаруашылығында тұзға сұраныстың жыл сайын өсуіне байланысты 1927 жылы Аралсолтүстік өндірісі ашылып жыл сайын 100 мың пұтқа жуық өнім шығарылып, елімізді қажетті тұзбен қамтамасыз етіп отырған. Ұлы Отан соғысы жылдары «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұран біздің көп ұлтты Отанымыздың әрбір азаматын сұрапыл соғыста ерлік, өндірісте қажырлы еңбек үлгісін көрсетуге шақырды. Аралсолтүстік еңбекшілері, бірінші күннен бастап, майданға қажетті материалдық игілікті өндіруге кіріскен. Соғыс жылдары Аралсолтүстік еңбекшілерінің алдында соғысқа кеткен

ер адамдардың орнын толтыру, жаңа кадрлар дайындау мәселесі тұрған. Сондықтан, бұл саладағы жұмыстарды орындауда өндіріс аз уақыт ішінде жақсы табыстарға жеткен. Қысқа мерзім ішінде тәжірибелі мамандарға жасөспірімдер мен қыз - келіншектер бекітіліп, олар жұмыс барысында үйретіліп, мамандық иесі болуға жағдайлар жасалған. 1942 жылдың қыркүйегіне дейін Аралсольтрест өндірісі бойынша 10 цехтың ішінде 25 адам жаңа мамандыққа, 31 адам жоғарғы дәрежелі маман иесі болып оқып шыққан. Олардың ішінде механизаторлар, слесарьлар, электриктер, ұсталар және т.б. мамандық иелері болғаны белгілі. Оқу мен еңбекті ұштастыра отырып, өндірісте еңбек ететін жасөспірімдер мен әйелдер саны 1942 жылы 41 пайыздан 1945 жылы 50 пайызға дейін көбейді. Ұлы Отан соғыс жылдары Аралсольтрест өндірісіне көптеген тамаша бастамалар үлгісі шыға бастаған. Әсіресе, жеке жұмысшылардың жеке тапсырмаларын орындауға социалистік жарыстар кеңінен дамып, жұмысшылар арасында қолдау тауып отырды. 1943 жылы Аралсольтрест өндірісіндегі цехтар мен бөлімшелер арасында 10 социалистік жарыстық келісімі, 28 бригада арасында 15-тей келісімдер жасаған. Социалистік жарыстың қорытындысы бойынша Аралсольтрест өндіріс орны тұз өндіретін цехты басқарған Әлібеков, өзінің жылдық жоспарын 2 ай бұрын бітірген. Автотранспорт цехты басқарған Коваль жылдық жоспарын сульфатты тасымалдауда бір ай тоғыз күн бұрын орындаған. 1942-1943 жылдары жеке міндеттемелер қабылдаған бригада мүшелері жоғарғы көрсеткіштерге жетті, сульфатты жинауда Алдыкешова, өз нормасын 250 пайызға, Ерғазиева 205 пайызға, жүкшілер бригадасындағы Крехотина өз нормасын 132 пайызға, Найда 225 пайызға орындаған. 1945-1946 жылдары аралығында Аралсольтрест өндірісінде 450 адам социалистік жарысқа қамтылған. Социалистік жарыстың қорытындысы бойынша 1946 жылы Аралсольтрест өндіріс іс орнында 1945 жылмен салыстырғанда еңбек өнімділігі 136 пайызға өсті. Өз нормасын 200-300 пайызға орындайтындардың саны 1945 жылы 10 адам, 1946 жылы 112 адамға өсті. Ұлы Отан соғысы жылдары күн сайын Аралсольтрест өндіріс еңбекшілерінің белсенділігі, олардың қоғамдық қызметке деген ынтасы, пайдалы еңбекке кеңінен араласуы жаппай халықтық сипат алды. Соғыс жылдары Аралсольтрест өндірісіндегі алдыңғы қатарлы жұмысшылардан рационализациялық ұсыныстар түсе бастады. 1945 жылы тұз қорын көбейту мақсатында тұз диірменде ленталық транспорттарды қолдану нәтижесінде 10-нан астам жүк тиеуші адамдар қысқартылып, 30 мыңдай ақша үнемделді. Осындай жаңашылдық ұсыныс ұсталар цехында желдеткішті қондырудың нәтижесінде темір балқытатын 2 от орнынан бір мезгілде жел беріліп, ұсталар цехының еңбек өнімділігін 150 пайызға дейін өсірді. Ұлы Отан соғысы жылдары еліміздегі бүкіл еңбекшілер сияқты Аралсольтрест комбинатының майданға тигізген көмегі зор болды. Соғыс жылдарында Аралсольтрест орнының еңбекшілері аянбай тер төге еңбек етті, жанқиярлық еңбек ерлігі үлгілерін көрсете білді. Аралтұз еңбекшілерінің соғыс жылдарында көрсеткен еңбек ерліктері мен еңбекке деген құштарлығы қазіргі күнге дейін жалғасын табуда. Мәселен, белгілі еңбек майталманы Социалистік Еңбек Ері Әбжали Сарымсақов тек облыс қана емес, Қазақ елінің мақтанышына айналғаны белгілі. Еліміз егемендігін алған уақыт ішінде Аралсольтрест комбинаты зор табыстарға ие болды. Өнеркәсіп атауы өзінің көп жылғы қызметі кезінде бірнеше рет өзгертілді «Сольтрест» (1927), «Аралсоль» (1933), «Сольартель» (1945), «Аралтұз» Акционерлік қоғамы 1994 жылы бүгінгі күні өнеркәсіптің еңбек өнімділігі өсіп, 400 000 тонна хлоритті натрий өндіріліп тұтынушыларға жіберілуде. «Аралтұз» Акционерлік қоғамы мемлекет меншігінен алынып, жекешелендірілді. Өндіріс өнеркәсібі алдына мынадай мәселелер қойылды:

- Қазақстан Республикасының рыноктарын сапалы да арзан отандық ас тұзымен қамтамасыз ету; - шетелдік рыноктарға шығу; - өндіру мен өткізудің тиімділігін арттыру үшін, басқару мен ұйымдастырудың қазіргі кездегі принциптерін енгізу бүгінгі таңда ел егемендігіне, елдің дамуына үлкен үлес қосар ұйым ретінде танылып отыр.

1941 жылы 26 қазанда Серпухов авиамеханиктер әскери мектебі Қызылордаға көшірілді. Соғыс жылдарында ол 4097 авиамаман даярлады, оның ішінде 49 истребитель-

ұшқыштарды, 3937 авиамеханикті және 111 авиамотористі әзірледі.

1941 жылы Кеңес үкіметі неміс әскерлерінің соғыс ашу мүмкіндігін сезсе-де 22 маусымда соғыс басталған сәтте не істерін білмей қалды. Неміс әскерлері соғыстың бірінші күні КСРО территориясына 60 километр еніп, соғыстың басында екпінділігін арттырып отырды. Көптеген КСРО жерлері және экономикалық аудандары немістердің қолында қалып қойды. Тек 24 маусым күні ғана КСРО халық комиссарлары кеңесінің жанынан Н. М. Шверник басқарған «Эвакуация жөніндегі кеңес» құрылды. Бұл мекеме фашистердің басып алуы қаупі туған жерлерден өнеркәсіп орындарын, мекемелерді және тұрғындарды шығысқа қарай көшіру мәселесімен айналысты.

Шындығын айту керек бұл мекеменің ұйымдастыруымен және КСРО-ның сол кездегі қатаң тәртібімен қыруар жұмыс атқарылды. 1941 жылдың шілде-қараша айларының өзінде 1523 өндіріс орны және 12 миллион адам шығысқа қарай эвакуацияланды. Өндіріс орындарының және адамдардың басым көп бөлігі Уралға, Сібірге қарай, ал 1941 жылы бір бөлігі Волга бойына көшірілді. Волга бойына көшірілгендер келесі 1942 жылы немістер өз шабуылдарын осы бағытта жүргізгенде қайтадан эвакуациялануға мәжбүр болды.

Қазақстанға 1941–1942 жылдары 300-ден астам завод көшірілді, олардың 142-сі ірі өндіріс орындары болды. Бұл заводтардың көбісі кейін Қазақстан жеріндегі ірі өндіріс орындарының негізін қалады. 1941–1942 жылдары Кеңес армиясы шегініп жатқанда Қазақстанға 532,5 мың адам КСРО-ның батыс аймақтарынан көшіріліп әкелінді. Бұған қоса көшіп келген заводтар мен фабрикалардың 50 мың маман-жұмысшылары мен инженер-техникалық қызметкерлері келді.

Соғыс жылдары көшіріліп әкелінген былғары зауыттарының жабдықтары негізінде Жамбыл, Қызылорда және Петропавл қалаларында жаңа кәсіпорындар құрылып, Былғары аяқкіім өнеркәсібі жеке сала ретінде қалыптаса бастады.

Бұлардан бөлек Қазақстанға 970 мың адам күштеп көшірілгенін ескерсек, соғыстың алғашқы жылдары Қазақстандағы демографиялық жағдайдың қиын болғанын көруге болады. Ұлы Отан соғысына дейінгі жүргізілген соңғы 1939 жылғы санақ мәліметтері бойынша Қазақстанда 6 151 102 адам тұрған. Олардың 120 395 адамы Ұлы Отан соғысына дейін күштеп қоныс аударылғандар болды. Бұл кезде Қызылорда облысында 328 067 тұрғын болса олардың 94 593 қала және 233 474 ауыл тұрғыны болған. Облыс халқының 18,2 пайызы қалалық жерлерде, 81,8 пайызы ауылдық жерлерде орналасты. Соғыс басталған күннен бастап КСРО-ның батыс бөлігінен көшіп келушілерді қабылдауға қатысты дайындық жұмыстары Қазақстанның басқа аймақтарындағыдай Қызылорда облысында да қарқын алды. 1941 жылдың 8 шілдесінде Қызылорда облысында қарамағына 1300 адам сиятын 10 жатақхана берілген эвакуациялық пункт құрылды. Эвакуациялық пункт ұжымына келгендерді қабылдап, санитарлық тазалаудан өткізіп, жұмысқа тұрғанша жатақханамен қамтамасыз ету жұмысы тапсырылды.

1941 жылдың 23 шілдесінде эвакуацияланғандар туралы мәлімет беретін анықтама бюросы ашылды және эвакуацияланғандардың көп болуына байланысты облыстағы эвакуацияланғандарды тіркеп, орналастырып жұмысқа тұрғызу жұмысымен айналысатын облыстық кеңестің атқару комитеті жанынан эвакуацияланған халықты қабылдау бөлім құрылды.

Эвакуацияланғандардың көбісі жолға көп жағдайда дайындықсыз шыққандықтан олардың ішінде Қызылорда облысына келгенде аштыққа душар болғандар көп болды. Солар үшін бір мезетте 600 адам тамақтанатын асханалар ашылды.

Бұл жерде эвакуацияланғандар жұмысқа орналасып қоныстарын ауыстырғанша тамақтанып тұрды. 1941 жылдың шілде айынан бастап Қазақстанға эвакуацияланғандар келе бастады. 1941 жылғы 5 тамыздағы эвакуациялық бөлімнің мәліметі бойынша облысқа 1273 адам келген. Олардың 664-і ер азамат, 609 әйел, (357 балалар болды) 904 еңбекке жарамды, 12 адам еңбекке жарамсыз болды. Бірінші толқынмен келгендердің 1026-сы Қызылорда қаласында қалдырылып, 247-сі Аралға, «Арал су көлігі» мекемесіне

жіберілді. Бұл адамдардың 704-і келген бойда бірінші кезекте өз мамандықтары бойынша, жұмыс болмаған жағдайда, бар мамандықтар бойынша жұмысқа орналастырылды.

Облыс орталығында орналастырылғандарға 4530 шаршы метрді құрайтын пәтерлер мен жатақханалардан орын берілді, адам басына шаққанда 4,4 шаршы метрден келді. Бұл әрине олардың көшіп келген үйлеріне қарағанда аз еді, алайда алғашқы қарқынмен келгендер кейінгілерге қарағанда әлдеқайда жақсы орналасты деуге болады. Эвакуацияланғандардың үлкен толқынының келе жатырғанын біліп отырған облыс басшылары 5 тамызға қарай облыс орталығында 10 530 шаршы метр болатындай баспана дайындады.

Бұл негізінен Н.В.Гоголь атындағы пединституттың, ауылшаруашылығы және сауда техникумдарының жатақханалары болды. Аудан орталықтарында 563 бөлме, колхоздарда 1342 бөлме, совхоздарда 20 бөлме дайындалды. Бұл бөлмелер негізінен қараусыз қалған, көбінесе аштық кезінде қырылған халықтың үйлері, сарайлар, қоймалар болды. Үйлердің көбісінің терезелерінің әйнектері-де жоқ болды. Жаз мезгілі болғандықтан мұндай кемшіліктер алғашқы кезде білінбеді [30].

Ұлы Отан соғысы жылдарында республикамыздың экономикасын көтеру үшін, майданға көмек беру мақсатында Қызылорда халқы да аянып қалған жоқ. Жалпы Республиканың экономикасы әскери бағытқа көшірілді: бейбіт мақсаттарға жұмсалатын қаржы мейлінше қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады. Майдан шебінен адамдардың, өндіріс потенциалының және мәдени байлықтардың еріксіз көшірілді, көптеген қиыншылықтар туғызды. 1941-45жж. Қазақстаннан батыс аудандардың 532.5 мың тұрғыны баспана, жұмыс, тыл еңбекшілерінің қатарынан өз орнын тапты. 970 мыңдай депортацияланған немістер, поляктар осында келді. Бөлшек сауда жүйесіне азық-түлік және көпшілік қолды товарлар бұрынғыдан 7-15 есе аз түсті, баға 10-15 есе көтерілді. Елде халықты нан және басқа да маңызды азық-түлікпен жабдықтауға карточка жүйесі енгізілді. Қазақстанға 220 фабрика, завод, ұстаханалар, артель мен өнеркәсіп комбинаты көшіріліп әкелінді. Неміс әскерлерінің КСРО-ға терең бойлап кірген, Еділ бойындағы шайқастар кезінің өзінде-майдан шебі Қазақстанға жеткен жоқ. Соғыстың бірінші күнінен-ақ Қазақстан оның арсеналдарының біріне айналды. Қарағанды шахтерлері ерен еңбек етті. 4 жыл ішінде олар 34млн. тонна көмір шығарды. Орал-Ембі мұнайлы ауданының кәсіпорындары сұйық отын шығаруды 39% арттырды, электр қуатын өндіру 2 есеге өсті. Республика мыс, қорғасын өндірудегі жетекші орнын сақтап қалды, осымен бірге зерттелген кеніштердің негізінде металдар шығару, бойыту, балқыту кәсіпорындары: Шығыс Қоңырат молибден, Ақшатау молибден-вольфрам, Текелі полиметалл комбинаттары және т.б. салынды. 1941-45жж. Барлығы 460 завод, фабрика, кеніш, шахта және жеке өндірістер салынды.

Көптеген колхоздарда жұмыс істеп жүргендердің 70-80% әйелдер болды. Қазақстан еңбекшілері Ақтөбе облысы «Құрман» колхозының звено жетекшісі Шығанақ Берсиевтарының гектарынан 202ц. өнім алып, дүние жүзілік рекорд жасады. Қызылорда облысы «Авнгард» колхозының звено жетекшісі Ыбырай Жақаев күріштің гектарынан 172ц. өнім алды. Қазақстанның ауыл-село еңбеккерлері өздерінің патриоттық және еңбек парызын өтеді. 1941-45жж. Олар майдан мен елге 5879 мың тонна астық, 734 мың тонна ет және т.б. азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикізат берді.

Сыр өңірінің басты ордасы – Қызылорда қаласы талай тарихи оқиғаларға куәгер болды. Мұнда талай руханият ошақтары ашылды. Олардың саны көп. 2018 жылы Қызылорда қаласының 200 жылдығы мерейтойы аталып өтті.

1980-90 жылдары қазіргі Абай даңғылы, Желтоқсан, А.Тоқмағамбетов көшелерінде сәнді үйлер, зәулім ғимараттар бой көтерді. Соңғы жылдары салынған Ақмешіт, Мерей шағынаудандары, “Оңтүстікмұнайгаз” фирмасының әкімшілік үйі, Диагностикалық орталық, облыстық аурухананың жаңа үйлері қала ажарын аша түсті. Шетелдік компаниялардың Сыр бойының табиғи байлығын игеруі тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсара түсуіне ықпал ете бастады. Ежелгі Сыр бойында өмір сүрген

данышпан Қорқыт баба, Жалаңтөс Баһадүр, Әйтеке би, Жанқожа, Бұқарбай, Тоғанас батырлар мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі Кеңес Одағының батырлары атанған 22 майдангер ерлеріміздің есімдері – ел мақтанышы. Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов, Ғани Мұратбаев сияқты қазақтың біртуар ұлдары мен даңғайыр дикан Ыбырай Жақаевтарды дүниеге әкелген де осы қасиетті Сыр топырағы. Олар — өлке тарихына енген, көше бойларындағы үйлерге жазылған биік тұлғалы қасиетті есімдер.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласының іргесінің қаланғанына 200 жылға жуықтаған кезеңде де оның заман өзгерістеріне толы тарихи оқиғалары, ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейін Арал өңірін, Сырдария жағасын мекендеген халықтардың археологиясы, этнографиясы, әлеуметтік-мәдени өмірі зерттеушілердің назарында болып келеді.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 74 жыл толғалы отыр. Бірақ Ұлы **Жеңістің** ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. **Жеңіс күні** – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы **Жеңісті** жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Жалпы екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіс Кеңес Одағына қымбатқа түсті. Елдің 27 млн астам адамдары соғыста қаза болды. Оның 603 мыңы (400 мың) қазақстандықтар. Міне, осылай Кеңес халқы мен оның Қарулы күштері бұдан 74 жылдан астам бұрын адам баласының қас жауы фашизмді экономикамыздың арқасында осылай талқандады. КСРО-ның Ұлы Отан соғысында өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, Европа халықтарын фашизмнің қанды шеңгелінен құтқарып, жеңімпаз халық атанды. Өткен азапты жолдың ауыр сабақтарын халық ешқашан да ұмытпайды. Оның ауыр сабақтары біздің санамызға ұялап, қазіргі ұрпақтарды ерлікке, қырағылыққа баулып, жарқын болашағымызды қорғауға әрдайым дайын тұруға шақырады. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы тұсындағы талай ақын-жыршылар шығармашылығына арқау болды. Мұның ішінде ел мен жерде жүріп, жеңіске тілектес болған қаламгерлер да, аласапыран майданда қан кешіп жүріп Отанын, халқын жырлаған ақындар айтарлықтай болды.

Қорыта айтқанда, Ұлы Отан соғысы жайында облыстық мұрағат материалдарын игеру әлі де кезегін күтіп тұрған мәселелердің бірі. Отан тарихын оқып үйренудегі алғашқы баспалдақ сонау ерте заманнан бастап, бүгінгі күнге дейін өлке тарихын игеру десек, Қызылорданың тарих қойнауын терең зерттеуде жаңа буын өкілдеріне үлкен міндеттер жүктеледі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін). Оқу құралы. Алматы,
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Очерктер. Алматы: «Дәуір», 1994.
3. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна», 2006.
4. Қ.С. Қаражан, Ж. Әбсеметова, Ф.А. Қозыбақова және т.б. Қазақстан тарихы: лекциялар курсы. Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 376 б.
5. Мұхамедов М.Б., Сырымбетұлы Б. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы, 2007.
6. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 2008. – 640 б.
7. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. — Алматы: Ғылым, 1985. — 320 б.
8. А. Оразбақов «1941 жылдың екінші жартысы – 1942 басындағы Қызылорда облысына эвакуацияланған халықтар тарихы»: Мақала – Қызылорда, 2015.
9. Правда. — 1941. — 23 қырк.
10. Қызылорда Мемлекеттік архив қоры. - 287, 232, 243, 250
11. Ленин жолы. 1943, 17 сәуір.
12. Ленин жолы. 1946, 15 мамыр.
13. Ленин жолы. 1946, 17 желтоқсан.

14. Ленин жолы. 1947, 15 желтоқсан.
15. Ленин жолы. 1947, 27 желтоқсан.

**Аннотация:** В статье приводятся сведения о социальном и экономическом положении населения Кызылординской области в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. А также, труд работников в тылу и информация о работе предприятий Кызылординской области. В Кызылординской области основной отраслью экономики региона является сельское хозяйство. В частности, основная доля сельского хозяйства является рис Сыра. Было отмечено, что рисовое поле занимает более 70 тысяч гектаров, и в последнее время оно используется для сокращения его объема и производства маловодной пшеницы, кукурузы, картофеля и овощей, фруктовых и пищевых масел и широко распространено выращивание зерновых культур. Кроме того, 200 лет назад исследователи обратили внимание на историю города Кызылорды, его современную историю, историю Аральского моря, археологию, этнографию, социокультурную жизнь народов, населяющих Аральское море, побережье Сырдарьи.

**Abstract:** The article provides information on the social and economic situation of the population of the Kyzylorda region during the Great Patriotic War of 1941-1945. And also, the work of workers in the rear and information on the work of enterprises of the Kyzylorda region. In the Kyzylorda region, the main sector of the region's economy is agriculture. Particularly, the main share of agriculture is rice Cheese. It was noted that the rice field occupies more than 70 thousand hectares, and recently it has been used to reduce its volume and produce low-water wheat, corn, potatoes and vegetables, fruit and vegetable oils, and the cultivation of grain crops is widespread. In addition, 200 years ago, researchers drew attention to the history of the city of Kyzylorda, its modern history, the history of the Aral Sea, archeology, ethnography, the social and cultural life of the peoples living in the Aral Sea, and the coast of the Syr Darya.